

# Нұра ауданының 80 жылдығына арналады

Біздің Нұра жерінен қоғам қайраткерлері, заңгерлер, ақын жазушылар, экономистер, үлгілі ұстаздар шыққан ғой.

Талжанов Сәйділ Омарұлы (1906-1972) ғалым, жазушы, аудармашы, әдебиет танушы. Филология ғылымдарының докторлары. Нұра аудандағы Токтамыс (Ақмешіт) деген жерде туған.

Нұраның бір түлегі Сәйділ аға,

Асыл ер, ойы теңіз жетпес баға.

Талпынып жастайынан білім іздеп.

Өзінің қатарынан шықты дара.

С.Талжанов өмірден сан түрлі қиындығы мен қауыпты сындырына мойы-маған, тіршіліктің бұралаң күндеріне еш бұлтатпай, алдына қойған айқын да сара максатынан айнымайтын асыл қасиетін өмірімен де, ісімен де дәлелдеп өткен жан. 19жыл айдауда болса да халқына қалтқысыз қызмет етіп, мөл мұра қалдырған ғалым. Өлде кімнен көңілі қалса, сыртынан күңкілдемей, күбірлемей, бетіне тура айтушылық, бір нәрсеге қуанған сәтте бар жанымен бүкпесіз шындығымен жадырай біліушілік оны танитын жастар түгілі үлкендерге де үлгі еді.

Ол кәнігі аудармашы. «Кәмиля мен Дина»-шығыс әдебиетінің інжу- маржаны, оны аудару С.Талжановтың тәржімелік табысы ғана емес, ұлттық аударма өнерінің тарихындағы елеулі құбылыс болып табылады. Сәйділ ағаның 100 жылдық мерей тойымен Нұра ауданындағы «Ақмешіт» ауылында, Астана қаласындағы Евразия университетінде 2006ж. аталып өтті.

Ел үшін еңбек етсең, халқын сүймек,

Сен үшін отқа суға түсіп жүр деп,

Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес

Неше мың жыл өтсе де тарих білмек.

Бүркіт Ысқаков 1924 жылы Көкмөддір ауылында туған.

Туған жері туралы ол былай толғайды:

Жағасында Нұраның, жер бар аты-«Көкмөддір»

Болғанымен бір жыраның, суы қандай мөп-мөлдір!

Бой-бітік бетеге, жасыл құрақ жағасы

Төскейі-гүл, текемет, балдан тәтті ауасы

Халық сүйген қарт қайып, осы жерде туыпты

Ақын Сәкен жантайып, суына бет жұыпты

Атам соны қоныс қып, мен де сонда туыппын

Сонан маған ол ыстық , сондықтан ол сүйіктім!

1942-46жылдары әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысқан 1946-51 жылдары республикалық «Пионер»журналы мен «Лениншіл жас» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі, жауапты секретарь болып істейді, 1951ж. репрессияға ұшырап, 25 жылдық мерзімге еркінен айрылып, еңбек түзеу лагеріне жіберіледі. 1956ж. толық ақталып бұрынғы қызмет орнына қайта оралды. Партиялығы да қалыпқа келтіріледі. Ол ССРО жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, бірнеше орден, медалдармен марапатталған. Б.Ысқаковтың «Тас еденнің ызғары » атты өлеңдер топтамасы оның абақтыда отырып, айдауда жүрген кезінде жазылған. Б.Ысқаков бұл өлеңдерімен қазак совет поэзиясында бұрын болмаған «Тұтқын жыры», «Лагерь өлеңдері» деп аталатын поэзияның жаңа түрін, жаңа жанұрын бастады. «Прокурор»деген өлеңін Зада Қажыбековке арнайды.

Кіріп келді үстіме, помпрокурор жас жігіт:

Көзіме-көзі түсті де:-отырсыз,-деді,-не қылып?

Турмадым созып сөзді мен, салқындау айттым жайымды

Прокурордан күтпеп ем, нансаңыз, достар, қайырды.

Жарайды, жақсы,- деді де,- кетіп қалды қоштасып, сонынан бастық

(Түрменің бастығы) келді де, оқыды қаулы папка ашып. Ысқаков кім? Сізсіз бе? Затыңызды алыңыз. Кешірірсіз сіз бізді. Азатсыз,-деді,-барыңыз. «Азаттық» деген лебізді, естігенде жаутандап, аяқа іліп келісті, жөнеле бердім томпаңдап. Прокурорды орынға, санаушы едім даттайтын. Бар екенін сүйтсем оның да, адамды кезі ақтайтын:- деп Зада Қажыбыковтың мейірімді, адал, әділ азамат екенін көрсеткен.

Зада Қажыбеков заңгер.(1927-2000) Нұра ауданы Киевка се-

лосында тұрған. Зада Қажыбековтың балалық, балдаурен шағы лапылдап тұрған соғыс өрті жылдарымен тұспа-тұс келеді. Соғыстан кейінгі ауыртпалығы мол жылдарда Алматыдағы Заң институтын бітіріп шығады(1946-1950ж.). Еңбек жолын атақты «Степлаг» прокурорының көмекшісі болып бастауы-болашақ заңгерге өмірлік жол сілтейді. Жалған жаладан жазықсыз жапа шегіп, қатыгез заманның қармағына ілінгендерге шамасы келгенше көмек жасауға тырысады. Сондай шапағаты тиген адамдардың бірі - қазақтың белгілі ақыны Б.Ысқаков еді. Кейін ол З.Қажыбековке арнап «Прокурор» деген өлең жазды.

Міне, Зәкеннің кішкентай болғанымен үлкен максаттар сыйып кететін жүрегіне ізгілік иірімдері сол кезде ұялағаны сөзсіз. Одан кейін Повладар облысында прокурор болып істеген жылдары, Қарағанды облыстық прокуратурасында бөлім прокуроры болып істеген жылдарында да адам құқығына нем құрайлы қарамай, әрбір адам өзінің құқығын қорғай білуін ескертіп отыратын. Әділет мекемесін басқарған жылдары сол кездегі милиция генералы Васильев, одан кейін обкомның І-хатшысы Коркин заң орындарына қазак кадрларының көбейіп кеткенін оған ауыр кіно ретіне тағады. З.Қажыбеков Коркиннің орынсыз қилігуін көптің көзіне әшкерелеп, тайсалмай қарсы шықты. Өрине дүлей күш жеңді, Зәкен қызыметінен кетті, бірақ адалдығынан айныған жоқ. З.Қажыбековтың адалдығы туралы Ігілік Омаров «Сағыныш» өлеңінде:

Ұрпағысын батырдың

Аузына елің қараған,

Туралықа бас ұрдың

Құлы болмай әкімнің

Қамқоры болдың ақынның

Жаның жайсаң жан ағам.

Азаматым айбарлы

әрісіңіз өнеге

Тура жолдан таймадың

жүрегіңіз ерт еді

Халықтың

қамын ойладың

Өмірің неткен келте еді

Желбіретіп көтердің

құлашыңды серпедің

Әділдіктің ақ туын

қыран қонар қияға

Белгілі еді баршаға

жора-жолдас, інілер,

Әділдігің пәктігің

сені өлімге қия ма?

Елсенімін ақтадың

Өнегелі өмірің бір өлеңге сия ма?

Кейбіреуге жақпадың

Құлаш ұрдың асқарға

Сонда да тыным таппадың.

Үлгі- өнегең жастарға

Дархан еді көңілің

Нық еді алға сенімің

Өзінді қимай бақиға

Жігіт едің жігерлі

Жүректе дауысын күміс күн

Тірегі болдың елінің

Есінде елдің ірісің

Біз үшін әлі тірісің

Зәкеннің адами, азаматтық, қайырымдық қасиеттерін санамай келе, істеген ірі істерін елдің есінде, сен өлген жоқсың, тірісің.

Ұрпақтарың сен істей алмай кеткен істеріңді әрі қарай жалғастыратынына сенім білдіреді. Ол нағыз заңгерлердің ұстазы еді. Иә,ол бүкіл ғұмырын адам құқығын қорғауға арнады.

Әрбір облыста заңгерлердің бүтіндей бір ұрпағын тәрбиелеп шығарды. Сот пен прокуратура, адвокатура органдарында оның адалдығын, әділеттен таймас табандылығын,заңды қатал басшылыққа алатын турашылығына адамға деген шексіз мейірімділігі мен қайырымдылығын өздеріне үлгі еткен шәкірттері республика аумағында көптеп саналады. Абзал аға соңғы жылдарында денсаулығының нашарлауына қарамастан, тәуелсіз еліміздің тыныш-тіршілігіне барынша қызу араласып, оның көптеген жетістіктерін көзімен көріп кеті. Қажыр-қайратын ұлты үшін аямаған ағамыздың бір бақыты осы.

2002 жылы абзал азаматтың еліне сіңірген еңбегі еленіп, оның есімін мәңгі есте қалдырып, жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында Қазыбек би аудандық сотының ғимаратына мемориалдық тақта қойылды. Онда былай деп жазылған: «Бұл ғимаратта Қазақстан отандық құқықтану саласына зор үлес қосқан белгілі заңгер Қажыбеков Зада Әкімбекұлы еңбек еткен». Бір айта кетерлігі осы ғимаратты Зада Әкімбекұлы облыстық әділет басқармасын басқарып жүргенде өзінің бастамасымен салынған болатын және оның жұмыс орны да осында болған. Осы салтанатқа арнайы келіп қатысқан Республиканың Бас прокуроры, Зәкеннің шәкірті Рашид Түсіпбеков Зада Қажыбековқа «Қазақстан Республикасы Прокуратурасының құрметті қызметкері»

атағының берілгені хабарлап, төс белгісі мен куәлігін Зәкеннің жұбайы Ғайнел жеңгемізге тапсырды. Жақсының аты өлмейді деген осы емес пе?!

Әкімбеков Серік Әкімбекұлы. Киевка кентініңтумасы. 1936 ж. қараша айының 12-сі күні дүниеге келген. 8-класқа дейін Киев-қада оқып, 1954 жылы 10 жылдықты Жезқазған руднигінде тәмамдаған. Содан соң Украинадағы Львов қаласындағы «Сауда экономикалық институтына оқуға түскен. 1958 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, жолдамамен Қарағанды қаласына келіп, облпотреб-союздың экономисі болып орналасқан. 1966 жылы Қарағанды қаласындакооператив институты ашылып, Серік Әкімбековты білімді экономист ретінде сол институтқа шақырады және экономика факультетінің деканы етіп тағайындайды. Білімі мен іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, ізденгіштігімен шеберлігі ескертіліп. Украинаға кандидаттық диссертация қорғауға жіберіледі. Ол Львов қаласында экономика ғылымдарының кандидаттығына диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады. 1993 жылы Алматыдағы Абай атындағы халық шаруашылық университетіне ауысады. Экономика кафедрасында экономикадан дәріс береді. профессор деген атақ алады. «Экономика теориясы» деген жоғарғы оқу орнына арналған оқулық жазды.

Бойындағы күш-жігерін сауатты шәкірт тәрбиелеуге жұмсады. Бүгінгі, ертеңгі экономикамыздың қыр-сырын, нарық заңдарын шәкірттерге үйрете білді. Жүрегі таза, жұмысына, әріптес достарына көңілі адал, адам жанын терен түсінетін сезімтал, бауырмал, көпшіл, кішпейіл, ақкөңіл, жұмсақ мінезді жан еді. Серік Әкімбеков көптеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. Оның айғағы Қарағанды экономика университетінің ректоры Ерғара Аймағанбетов С.Әкімбековтың шәкірті. Басқа да шәкірттері жүздеп саналады.

С.Әкімбековтың атын мәңгі есте қалдыру үшін, 2006 жылы Қарағанды экономика университетінің бір аудиториясына (экономика) Серік Әкімбековтың аты берілді.

Мұқышев Қабыкен Мұқышұлы (1920-1976) Қарағанды облысы, Нұра ауданы Қызылшілік ауылындатуған. Қазақтың көрнекті ақыны. 1941 ж. Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтты бітірген. 1943-44 жылдары Киевка селосында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Көптеген шетел жазушыларын оқыған, орыс қазақ жазушыларының шығармаларын жатқа айтатын. Мысалы: Өтеді күндер, өтеді түндер, өтеді жазым зымырап, соғайды дауыл, солайды гүлдер сарғаяды жапырақ. Берші өмір бер махаббат, жүрекпен сүйсін адамды, ол болмаса етіп талақ, өртеші бұл жалғанды.

«Сыбағам қайда, сыбағам,

Жоқ па сірә еш қандай.

Жақсылық менен аясан. Жамандық бер, уа, құдай»- дегенде тындап отырған шәкірттері селт етіп, шошынғандай күш кешетінбіз. Тындауға жалықпай айта берсе, айта берсе дейтінбіз. Маған қарап, әй, қарақыз жаңағы айтқан өлеңді қайта өзіме айтып берші дегенде мен сол күйінде жатқа қайталап айтатымын. Сонда ол: - Сен, қарақыз, әдебиетші боласың дейтін. Айна қатесіз ұстазымның болжамы шындыққа айналып, мен әдебиет пәнін таңдадым.

Қабыкен Мұқышев 1943 жылдары ССРО жазушылар Одағының мүшесі болды. 1945-48 жылдары облыстық оқу бөлімінің кабинет меңгерушісі, әрі оқытушы болып жұмыс атқарды. 1948-1968 жылдары мектептерде мұғалім болды. 1958 жылдан творчестволық жұмыста. Он бестен астам өлең жинақтардың авторы. Олардың арасында «Алтын арқа», «Жақанның арманы», «Күзәр шындар». т.б. шығармалары бар.

Бұл шығармаларында Сарыарұаның өткен тарихын толғайды. Қарағандының көмірін ашқан Аппақ Байжановқа арнап «Аппактуралы аңыз», 1916 жылғы Ұлт-азаттық тарихына арнаған «Арқадағы арпалыс» атты поэмалар жазған. Бұл кісі туралы мәлімдеме Қарағанды. Қарағанды облысы энциклопедиясына берілген.

Жұбайы Кенжебаева Фатима көп жылдар Қарағанды педагогикалық институтында қазақ тілінен сабақ берді. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеген үлгілі ұстаз, филология ғылымының маманы.

Әния ӘКІМБЕКҚЫЗЫ.

зейнеткер ұстаз

Нұра. - 2008. - 22 наурыз (№12). - 3 б.